

**«ҚАЗПОЧТА» АҚ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ
ТАҒАЙЫНДАУЛАР ЖӘНЕ СЫЙАҚЫЛАР
КОМИТЕТІ ҚЫЗМЕТІНІҢ
2016 ЖЫЛ БОЙЫНША
ЕСЕПТЕМЕСІ**

Астана қ., 2017ж.

"Қазпочта" АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің 2016 жылғы қызметі туралы ЕСЕПТЕМЕСІ.

1. «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің қызметін ұйымдастыру

«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитеті «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің (бұдан әрі – Қоғам) 2016 жылғы 22 қыркүйектегі шешіміне сәйкес құрылған.

Қоғамның Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 10 қыркүйектегі №10/15 Шешімімен «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Кадрлар, сыйақылар және әлеуметтік мәселелер жөніндегі комитеті «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитеті деп атауын өзгертті.

Комитет өзінің қызметін 2015 жылғы 21 қазандағы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитеті туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

Комитеттің қызмет мақсаты Қоғамның Директорлар кеңесі қабылдайтын шешімдердің сапасын арттыру болып табылады.

Комитеттің міндеттері мәселелерді терең және мұқият қарастыру және мына мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсыныстарды ұсыну болып табылады:

1) Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау, қызметін бағалау, мираскерлігін жоспарлау, сондай-ақ тәуелсіз директорларға үміткерлердің сыйақысы мөлшері бойынша ұсыныстар;

2) үміткерлерді Басқарманың құрамына, Корпоративтік хатшының лауазымына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, өзге де лауазымдарға сайлау;

3) Басқарма мүшелеріне, Корпоративтік хатшыға, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, өзге де жұмыскерлерге мотивациялық ПӘК қою;

4) Басқарма мүшелерінің, Корпоративтік хатшының, сондай-ақ Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес, өзге де жұмыскерлердің сыйақылары мен мираскерлігін жоспарлау;

5) Қоғамның корпоративтік – әлеуметтік жауапкершілігі.

Қоғамның Жарғысына сәйкес Комитеттің сандық құрамын, құзыреттіліктер мерзімін анықтау, оның Төрағасы мен мүшелерін сайлау Қоғамның Директорлар кеңесінің құзыреттілігіне жатады. Комитеттің Төрағасы болып Қоғамның тәуелсіз директоры Жуков Дмитрий Николаевич сайланды, бұл Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына, сондай-ақ корпоративтік басқарудың үздік халықаралық тәжірибесіне жауап береді.

2016 жылы «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің құрамына кірген:

Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің құрамы		
Аты-жөні	Лауазымы	Комитет мүшесі болып тағайындалды:
Жуков Д.Н.	«Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет Төрағасы	2014 жылғы 03 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін
Эдриан Хоуинк	«Қазпочта» АҚ аға тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2014 жылғы 03 сәуірден бастап қазіргі уақытқа дейін
Байдаулетов Н.Т.	«Самұрық-Қазына» АҚ –ң активтерін	2015 жылғы 10

	басқару жөніндегі бас директор, Комитет мүшесі	қыркүйектен 2016 жылғы 1 сәуірге дейін
Дагарова Алия	«Самұрық-Қазына» АҚ Көліктік-коммуникациялық активтер дирекциясының басты сарапшысы (кеңесуші дауыс құқығымен сарапшы)	2014 жылғы 27 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін

«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 1 қарашадан № 10/16 Шешімімен «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Стратегия және даму комитетінің келесі құрамы анықталған:

Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің құрамы			
№	Аты-жөні	Лауазымы	Комитет мүшесі болып тағайындалды:
1	Жуков Дмитрий Николаевич	«Қазпочта» АҚ тәуелсіз директоры, Комитет Төрағасы	2016 жылғы 1 қарашадан бастап
2	Эдриан Хоуинк	«Қазпочта» АҚ аға тәуелсіз директоры, Комитет мүшесі	2016 жылғы 1 қарашадан бастап
3	Саудабаев С.Б.	«Самұрық-Қазына» АҚ Коммуникациялар дирекциясының директоры, Комитет мүшесі	2016 жылғы 1 қарашадан бастап
4	Дагарова А.М.	«Самұрық-Қазына» АҚ Коммуникациялар дирекциясының аға менеджері, Комитет сарапшысы	2016 жылғы 1 қарашадан бастап

2. «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің 2016ж. қызметі

2015 жылдың 8 желтоқсанында Комитет 2016 жылға Жұмыстар жоспарын бекітті.

2016 жылы Комитет барлығы 8 күндізгі отырыстар өткізді. Отырыстардың күн тәртіптеріне сәйкес Комитет 53 мәселені қарастырды, қарастырылған мәселелер бойынша Қоғамның Директорлар кеңесіне сәйкес ұсыныстар берілді.

Есептік кезеңде Комитеттің отырыстарында Комитеттің құзыреттілігіне кіретін қызметтің барлық мәселелері қарастырылды.

Кадрлық мәселелер бойынша

Комитет мына мәселелер бойынша қарастырды және Директорлар кеңесіне ұсыныстар ұсынды:

- 1) Қоғамның ұйымдастырушылық құрылымын бекіту;
- 3) «Қазпочта» АҚ жетекші жұмыскерлері қызметінің Негізгі көрсеткіштер карталарын және қысқа мерзімді кезеңге – 2016 жылға және ұзақ мерзімді кезеңге - 2016 - 2018 жылдарға олардың нысаналы мәндерін бекіту;
- 4) 2016 жылға Қоғамның Корпоративтік хатшысының және Корпоративтік хатшысы Аппараты жұмыскерлерінің қызметінің Негізгі көрсеткіштер карталарын бекіту;
- 5) «Қазпочта» АҚ басқарушы жұмыскерлерінің, Ішкі аудит қызметінің және Корпоративтік хатшысы Аппараты жұмыскерлерінің лауазымдарын Бағалауды (грейдтерді) бекіту;
- 6) «Қазпочта» АҚ Басқарма мүшелері лауазымдарының сипаттауларын бекіту;

7) Қоғамның Басқарма Төрағасы Орынбасары мен мүшелері лауазымына үміткерлерді сайлау.

Сыйақылау мәселелері бойынша

Комитет мына мәселелер бойынша қарастырды және Директорлар кеңесіне ұсыныстар ұсынды:

1) Қоғамның Басқарма мүшелерінің, Ішкі аудит қызметінің, Корпоративтік хатшы Аппаратының, орталық аппаратының жұмыскерлерінің лауазымдық айлық схемаларын бекіту;

2) «Самұрық- Қазына» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 26 мамырдағы № 18/16 шешімімен бекітілген, «Самұрық- Қазына» АҚ Компанияларының жұмыскерлерінің Еңбегін төлеу және сыйақылау саясатына сәйкес «Қазпочта» АҚ ішкі нормативтік құжаттарын бекіту;

3) Қоғамның жетекші жұмыскерлеріне, Қоғамның Ішкі аудит қызметінің басшысы мен жұмыскерлеріне, Корпоративтік хатшыға және Қоғамның Корпоративтік хатшы жұмыскерлеріне сыйақы төлеу және жұмысын бағалау.

Әлеуметтік мәселелер бойынша:

Комитет мына мәселелер бойынша қарастырды және Директорлар кеңесіне ұсыныстар ұсынды:

1) персоналды дамыту бойынша саясат туралы есепті қарастыру;

2) әлеуметтік жауапкершілік және ашықтылық күйі бойынша есепті қарастыру;

3) өндірістегі жазатайым оқиғалар мен оларды болдырмауға бағытталған іс-шаралар туралы ақпаратты қамтитын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік бойынша есепті қарастыру;

4) 2015 жыл үшін әлеуметтік тұрақтылық рейтингін қарастыру;

5) 2016 жылы демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету туралы ақпаратты қарастыру;

6) «Қазпочта» АҚ- да мираскерлік тәжірибесі сұрақтарын қарастыру;

7) 2017-2021жж. «Қазпочта» АҚ Әлеуметтік жауапкершілік стратегиясын қарастыру;

8) «Қазпочта» АҚ Омбудсмен сұрақтарын қарастыру.

Сонымен қатар, Комитет отырысының шеңберінде кәсіподақ өкілдерімен кездесу болғанын айта кеткен жөн: «Ақпараттандыру және байланыс қызметкерлері кәсіподақтарының қауымдастығы» ЗТБ Төрағасы Г.Спатаевамен және «Қазақстанның байланыс және телекоммуникациялар қызметкерлерінің салалық кәсіптік одағы» Төрағасы А.Байсариевпен, онда «Қазпочта» АҚ-ң түрленуі жағдайларында Ұжымдық шарттың тәсілдері талқыланды.

Директорлар кеңесінің қызметі мәселелері бойынша:

Комитет мына мәселелер бойынша қарастырды және Директорлар кеңесіне ұсыныстар ұсынды:

1) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің құрамы;

2) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Комитеттерінің құрамы;

3) «Қазпочта» АҚ Басқарушы Комитетінің құрамы;

4) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің қызметін бағалау;

5) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту;

- 6) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа редакциядағы Қызметін бағалау ережесі;
- 7) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесіне Үміткерлерді іріктеу бойынша ереже;
- 8) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесі туралы жаңа редакциядағы ережесі;
- 9) «Қазпочта» АҚ Корпоративтік хатшысы туралы ережесі;
- 10) «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері мен Директорлар кеңесі Комитеттерінің мүшелері (сарапшылары) үшін лауазымдарға кірісу бағдарламалары;
- 11) «Қазпочта» АҚ Корпоративтік хатшысының лауазымына кірісу бағдарламалары.
- Бұдан басқа, Комитет 2017 жылға «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің Жұмыс жоспарын бекітті.

Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлауға Қоғамның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитеті және Қоғамның Директорлар кеңесі қатысады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау процесін қамтамасыз ету үшін Комитет барлық қажетті іс- шараларды өткізді:

- 1) Қажетті материалдар дайындалды;
- 2) Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелерінің лауазымдарына үміткерлермен сұхбаттасу өткізу қамтамасыз етілді;
- 3) Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің екі отырысы және Қоғамның Директорлар кеңесінің екі отырысы өткізілді;
- 4) Жоғарыда көрсетілген отырыстардың нәтижелері «Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау бойынша шешім қабылдау үшін Жалғыз акционерге жіберілді.

2016 жылғы Комитет отырыстары:

Тағайындаулар және сыйақылар комитеті мүшелерінің 2016 жылы отырыстарға қатысуы				
№	Аты-жөні	Барлық отырыстар (саны)	Отырыстарға қатысу (саны)	Отырыстарға қатысу (%)
1	Жуков Д.Н.	8	8	100
2	Эдриан Иан Хоуинк	8	8	100
3	Байдаулетов Н.Т.	1	1	100
4	Жандосов О.А.	4	3	75
5	Дагарова А.М.	8	8	100
6	Саудабаев С.Б.	1	1	100

Комитет Төрағасы Жуков Д.Н. Қоғамның персоналы бойынша Басқарушы директормен, сондай-ақ Қоғамның жүргізілетін Трансформациялау бағдарламасы шегінде «Қазпочта» АҚ құрылымдық бөлімшелерінің басшыларымен бірқатар кездесулер өткізді.

Трансформациялау бағдарламасы шеңберінде Комитет мүшелері, Басқарма мүшелері және Қоғамның негізгі қызметкерлері қатысқан іс-шаралар өткізілді:

- 1) Инвестициялық жобалар бойынша Infoday - 16 наурыз Астана қ.
 - 2) Инвестициялық жобалар бойынша Infoday– 2016 жылғы 15 сәуір Алматы қ.
- Оған қоса, Комитет мүшелері мыналарға қатысты:
- «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы Төрағасының «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының Директорлар кеңесінің мүшелерімен кездесулеріне;
 - Астананың ІХ экономикалық форумына.
 - «Қазпочта» АҚ Басқармасының мүшелерімен алқалық сұхбатқа, сұхбатты Jobmatching нысанында «Қазпочта» АҚ Басқармасы мүшелерін бағалау шеңберінде

«Қазпочта» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері «Самұрық-Қазына» АҚ өкілдерімен бірлесіп өткізді.

Директорлар кеңесінің Тағайындаулар және сыйақылар комитетінің қызметін бағалау

Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның Директорлар кеңесінің және оның Комитеттерінің қызметіне 2015 жылғы 1 сәуірден бастап 2016 жылғы 1 маусымға дейінгі кезең үшін директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, директорлар кеңесі төрағасының, мүшелерінің және «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ еншілес компанияларының корпоративтік хатшысының өздік бағалауын өткізуді шешті.

Өздік бағалаудың нәтижелері бойынша Қоғамның Директорлар кеңесі 2016 жылғы 9 желтоқсанда Директорлар кеңесінің қызметін, Директорлар кеңесінің әр мүшесінің және «Қазпочта» АҚ корпоративтік хатшысының жеке кәсіби дамуын жетілдіру бойынша 2017 жылға арналған Іс-шаралар жоспарын бекітті.

3. Қорытынды

Комитет 2016 жылғы мақсаттарды, міндеттерді және функционалдық міндеттерді Комитет туралы ережеге, сондай-ақ Комитеттің 2016 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес толық көлемде орындады. Комитет сондай-ақ жоспардан тыс отырыстарды өткізді.

Комитетпен отырыстардың күн тәртібіндегі барлық сұрақтар жан жақты қарастырылды, Қоғамның Директорлар Кеңесімен қабылданған ақылға салынған және нақты ұсынымдар берілді.

Комитет жұмысы Директорлар кеңесі жұмысының тиімділігін едәуір дәрежеде арттырғанын және бұл Қоғамның корпоративтік басқару рейтингіне оң әсер еткенін айта кеткен жөн.